

МЫҚТЫ ПЕДАГОГТЫ ҚАЛАЙ ДАЯРЛАЙМЫЗ?

Бүгін қозғағалы отырған тақырып, көпшілігіміздің көкейімізде жүргені белгілі. Яғни, бұл – педагогтарды дайындау. Бүгінгі уақыт, білімділердің қандай биікке шыға алатынымен ерекшеленуде. Ол дегеніміз, мықты ұстаз болса, біздің елдің дамуы күн санап артатынын білдіреді. Осы тұрғыда, елде мықты, үлгі аларлық ұстаздардың көп екендігін тілге тиек еткізіміз келеді. Соның ішінде, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың өзінде қаншама ұстаздар бар.

Енді, осы тұрғыда білім ошағы мектепті де жоспардан тыс қалдырмау керек. Білім министрі А.Аймағамбетов мырза мектепке үлкен күш салуда. Ол ұстаздардың жағдайынан бастап, біліміне дейін жоғары деңгейге шығаруда.

Жалпы, студенттер мектепке тәжірибемен баруы үшін, қазіргі таңда педагогикалық практиканың да уақыты ұзаруда. Ол уақытта, студент төмендегі міндеттерді біліп, үйреніп шығады.

- белгіленген сағат санын жүргізу қажет;
- оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізіп, өздігінен жетілдіріп отыруға, ұжымдық жұмыс түріне мектептегі практиканттар тобымен атсалысып қатысады;
- практикантқа тиісті сағаттар мен барлық ашық мерекелік бағдарламаларға қатысады, пән мұғалімдерінің семинарларына, секцияларына, әдістеме-бірлестігіне қатынасады;
- өз жұмысын жоспарлап, оны «күнделікке» жазады және қорытындылайды, кафедраның алдында белгіленген уақытта жұмыс қорытындысы бойыншы есеп беріп отырады;
- қорытынды конференцияның дайындығына және өткізуге қатынасады, методикалық материалдар мен ең жақсы көрнекі құралдарды дайындайды;

Ойымды «Білімнің күні жарық» деп аяқтағым келеді. Білім алыңыздар. Өсіңіздер. Өзгеріңіздер. Елге пайдасы тиер адамдардың қатарынан болыңыздар.

Адайханов М.Т., Төрбек А.Е., Дюсебаева Қ.С.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ

Бүгін қозғағалы отырған тақырып, көпшілігіміздің көкейімізде жүргені белгілі. Яғни бұл – педагогтарды дайындау. Бүгінгі уақыт, білімділердің қандай биікке шыға алатынымен ерекшеленуде. Ол дегеніміз, мықты ұстаз болса, біздің елдің дамуы күн санап артатынын білдіреді. Осы жерде, ұстаздарға жан-жақтылығын көрсететін, интерактивті оқыту әдісі жайлы қысқаша айта кетсек.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны басқару емес, оның даму үдерісін басқару қажет. Ол педагогикалық іс-әрекет арқылы көрінеді. Оқушы белсенділігінің әсерін арттыру үшін қолданылатын әдістерді интерактивті әдіс деп атайды.

Интерактивті әдісті таңдау себебі көбіне ол оқушылардан модельдеуді және қатысушының дағдысын дамыту, яғни бүгінгі демократиялық қоғамға қажетті болуын талап етеді. Мұнан ары қарай «интерактивті оқыту» терминінің мазмұны түсіндіріледі. Біз бұл оқыту түрін не үшін, қайда қолдануымыз керек, сонымен бірге оны сабақ барысында сенімді түрде және үнемі қолдану керек. Атап айту керек, ұсынылып отырған әдістер кез келген сабаққа, кез келген деңгейге қатысы бар.

Интерактивті үдеріс дегеніміз оқу үдерісіне қатысушылардың өзара ықпалдастығы мен бір-біріне өзара әсерінің мақсатқа бағытталған түрдегі үрдісі. Интерактивті әдіс оған қатысушылардың қарым-қатынас жасауының жоғары қарқындылығымен, өзара қызмет алмасуымен, қызмет түрлерін ауыстырумен және түрлендіруімен, процесуалдылықпен (қатысушылар жағдайының өзгеруімен), олардың өз қызметін мақсатқа бағыттау түріндегі рефлексиясымен сипатталады.

Оқыту мен оқудағы интерактивті әдіс, бұл сабақ барысындағы оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім арасындағы жоғары деңгейдегі өзара әрекеттер. Мұндай өзара әрекеттер көбіне, ұсынылған шешімнің қаншалықты қажеттілігіне және де мәселелердің қандай жолдармен шешілетін нұсқаларын талқылау формасында жүзеге асырылады.

Әбілқайыр Назаржан

Абай атындағы ҚазҰПУ, 1-курс магистранты, ММОК мамандығы

БІЗДІҢ ЖАСТАР ЕРТЕҢІ ҒОЙ ЕЛІМНІҢ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студент жастары өздерін жан-жақты қырларымен көрсетуден жалығар емес. Қайсыбір факультет болмасын өздерін өнерден де, білімнен де, тіпті керемет ұйымдастырушылық қабілетімен де көрсетіп, өз ой-өрістерін дамыта түсуде. Солардың ішінде біз физика-техникалық факультетінен болғандықтан, өз факультетіміз жайында, осы тұрғыда, біраз ақпарат айтып өтелік. Қазіргі бәсекелестік заманда адамға бір ғана мамандықты игеру аздық етеді. Осы тұрғыдан қарағанда біздің жастар қатты ойланса керек. Себебі қазіргі студенттерге қарасаң, өнерлері бір төбе, мамандықтарына деген құлшынысы бір төбе деп айтуға әбден болады. Одан бөлек қоғамдық жұмыстарды да кеңінен игеретіндері баршылық. Соның ішінде университетімізде өтілетін ғылыми конференцияларға студенттердің белсене атсалысатынын айтпай кетпеске болмас. Тек өз оқу орнымызда ғана емес, қалалар арасында да бірнеше студенттеріміз ғылыми конференцияларға қатысып, жоғарғы орындарды иеленіп келетін жайлары бар. Енді факультет ішіндегі өмірге оралайық. Факультет өмірінде біздің жастар осыған дейін алған білімдерін нығайтып, шыңдап бос уақыттарында ғылыми үйірмелермен айналысу-

да. Соның ішінде, ұстаздарымыздың басшылығымен ұйымдастырылып отырған «Thomson Reuters және Scopus» атты ғылыми үйірмені айта кетелік. Бұл үйірме арқылы студенттеріміз бірнеше дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, осы тақырып тұрғысында талқылап, соңғы жаңалықтарын айтып, осындай белсенділіктерімен бізді қуантып жатады.

Біздің жастар ертеңі ғой елімінің,
Қорғанысы мына байтақ жерімің.
Әлі-ақ даңқын көтереді биікке,
Алаш елі, қазақ дейтін тегінің!
Армандарды орындайды деп білем,
Міне, осы жасқа деген сенімім!

Қорыта келе, біз студент жастардың осылай өсіп келе жатқанына қуанамыз және мақтанамыз. Әрбірінің өз салаларында ойып аларлықтай орындарының барына мол сеніммен қараймыз. Бос уақыттарын қоғамдық жұмыстарға, одан қалса осындай үйірмелерге жұмсағаны өскелең ұрпақтың жеткен жетістіктерінің бастауы деп білемін. Жастар – біздің болашағымыз екенін осылай дәлелдеумен келеді. Бұл, әрине, мақтануға тұрарлықтай жайт емес пе?!

Нысанбек Сара, Курманғалиева Венера

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ӨСУ. ДАМУ.

Бұл мақаланы ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың мына бір керемет сөздерімен бастағым келеді:

«Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз. Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады. Өйткені мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын.

Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе кадрлық ауыс-түйіс жасау жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсысымыз өзімізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс. Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс. Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді. Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын. Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенемін».

Иә. Дәл осындай елдің болашағына деген сенім жатыр. Бірақ бұл тұста ел өзгерісіне, ел дамуына тек Президенттің әрекеті ғана емес, әрбіріміздің алдағы әрекетіміздің үлкен маңызы бар екенін айтқым келеді. Яғни елдің алдыңғы қатарлы елдер қатарынан болып дамуы үшін, сіз бен біз қолдан келгенді жасауымыз қажет. Ол дегеніміз, міндетті түрде үлкен істердің жанында жүру деген сөз емес. Ол ең алдымен, өзгерісті өзімізден бастау. Өз қабілетіміз бойынша, таңдаған мамандығымыздың шебері болсақ, біздің елге қосқан үлкен үлесіміздің бірі болары анық.

Иманқұл М.П.
Белисарова Ф.Б.

БАҚЫТ СЫЙЛАР БҰЛА БЕЙНЕ

«Атом жобасы» бүгінгі таңда қандай жағдайда және еліміз осы тұрғыда қандай оң шешімдер қабылдауда? Міне, осы сұрақтар кімнің де болмасын көкейінен орын алары анық.

Осы жоба аясында бірнеше жинақтар басылымдарға басылған болатын. Соның бірі жоба жетекшісі Олжас Сүлейменовтың Невада-Семей қозғалысына қатысты жинағының былтырғы жылы қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тұсаукесері болып өтті.

Олжас Сүлейменовтың бастауымен құрылған ядролық қарусыздану туралы «Атом жобасы» бүгінде осындай жағдайда. Енді сөзімізді қорыта келе, мына бір өлең шумақтарымен аяқтасақ дейміз:

*Сол бір уақыттар, сынды ма елдің жартасы,
Уайыммен жүрді қарттардың сонда алқасы.
Шешімін тапқан бұл бір апатты жағдайды
Олжекең екен, сол бір кісінің арқасы.*

*Арманын ойлап, қалдың ба, сонда ұлыңды,
Болашақ тұңғық тұманға сонда бұрылды.
Осы мақсатпен Олжекең сол сәт бастаған,
«Невада-Семей» қозғалысы бір құрылды.*

*Былғанбасын еш ерлердегі енді бір жейде,
Ойланyp қоям, бүгінгі таңды мен кейде.
Олжекең сынды тұлғалар қалап, жеткізген
Қуанышты бір, бақытты сондай бұл бейне!*

Үсенбек Назерке, Бейсенов Байдаулет,
Белисарова Фарида